

**Облыстық төтенше жағдайлардың
алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Орал қаласы

№1

2017 жылғы 15 ақпан

Төрағалық еткен: Батыс Қазақстан облысының әкімі
А.С.Көлгінов

Қатысқандар: тізім бойынша

Аудан әкімдіктері бейнеселектор режимінде қатысты (тізім бойынша)

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша
жұмыстардың 2016 жылғы қорытындысы және 2017 жылғы
міндеттер туралы**

(Көлгінов, Жұмашев, Мусин)

Негізгі өзекті мәселелерді талқылай келе, төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың барлық бағыттары бойынша жұмысты жетілдіру мақсатында облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ҰСЫНАДЫ:**

1.1. Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Ж.Жұмашевтың ақпараты назарға алынсын.

1.2. **Аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері, облыстық басқармалар мен департаменттер (келісім бойынша):**

- командалық-штабтық оқу-жаттығулар, штабтық жаттығулар барысында шұғыл әрекет ету жасақтарының, Азаматтық қорғау құрылымдарының дайындығын, олардың мүлікпен, техникамен жарақтандырылуын іс жүзінде тексерсін;

- коммуналдық қызметтердің жұмысын штаттық режимде қамтамасыз етсін;

- Азаматтық қорғау жөніндегі республикалық және облыстық курстарды басшы құраммен толық жинақтау жоспарының мүлтіксіз орындалуы бойынша шаралар қабылдасын;

- Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес Төтенше жағдайлар департаментінің (келісім бойынша) аумақтық бөлімшелерін материалдық-техникалық жабдықтау, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеуден өткізу үшін қаржы бөлуге ықпал етсін;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясы отырыстарының өткізілуі, отырыс хаттамалары мен олардың орындалуын талдау туралы ақпаратты Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) уақтылы ұсынсын.

жыл бойы

1.3. Облыстық білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, архивтер және құжаттама, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары (келісім бойынша):

- ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың техникалық жай-күйін қатаң бақылауға алсын, өрт қауіпсіздігі жағдайына баса назар аударсын;

- объектілерге автоматты өрт сөндіру жүйесін орнату жұмысын жалғастырсын.

ұдайы

1.4. «Батыс Қазақстан ЭЖТК» акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

- аудандар және Орал қаласы әкімдіктерімен бірлесіп электр желілерінің тозуына байланысты облыс аумағындағы электр беру желісін кезең-кезеңімен ауыстыру жоспарын әзірлесін;

- облыстағы елді мекендерде 35-110кВ әуе желісі аймағын қорғау ережесінің бұзылуын жою мақсатында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электр желілеріне түгендеу жүргізіп, облыс әкімдігіне ұсыныс берсін.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

1.5. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы аудандар және Орал қаласы әкімдіктерімен және «Батыс Қазақстан ЭЖТК» акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, электрмен қамтамасыз ету желілері мен коммуналдық желілердегі төтенше жағдайларды жоюға арналған арнайы техниканы сатып алу үшін облыс әкімдігіне ұсыныс жолдасын.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

1.6. «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының (келісім бойынша), «ҚазақАвтоЖол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (келісім бойынша) Батыс Қазақстан облыстық филиалдары техникалық базаны жақсарту мақсатында «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы және «ҚазақАвтоЖол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолданатын хат жобасын дайындасын.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

1.7. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы және облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы автокөлік жолы бойындағы иесіз орман жолақтарын жолдың теңгерім ұстаушыларына беру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс жолдасын.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

1.8. Облыстық жолаушылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы Тасқала ауданы әкімдігімен бірлесіп облыс әкімдігіне облыстық маңыздағы Тасқала-Шильная балка автожолын Тасқала ауданының теңгеріміне беру туралы ұсыныс жолдасын.

2017 жылғы 15 наурызға дейін

1.9. «Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» ММ (келісім бойынша) облыс аумағына кірген ауыр техника туралы ақпаратты Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) ұдайы жолдасын.

қыс, көктем кезеңінде

2. Көктемгі су тасқыны кезеңінде тасқын суды апатсыз өткізуге дайындалу және жүзеге асыру туралы

(Ахметжанов, Төреғалиев, Әлиев, Жақыпов, Қажғалиев)

Келіп түскен ақпаратты талқылап, пікір алмаса келе, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ҰСЫНАДЫ:**

2.1. Батыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары А. Ахметжановтың ақпараты назарға алынсын.

2.2. Облыстық су тасқынына қарсы штабтың құрамы бекітілсін.

2.3. **Аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері:**

- облыс орталығы мен аудандарда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы су тасқыны және су басу қаупі төнгенде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізісін. Саяжай қоғамдарында, кенттік, ауылдық округтерде және елді мекендерде тұрғындармен кездесулер ұйымдастырсын;

- барлық елді мекендерде қарды шығару, су жүретін арықтарды тазалау жұмыстарын ұйымдастырсын;

- су тасқыны кезінде қауіп төндіруі ықтимал су қоймаларының суға толу барысын ерекше бақылауға алсын;

- кіші өзендер, Деркөл, Шаған өзендері арналарында мұз жару жұмыстарын жүргізу орындарының сызбасын әзірлеп, Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) уақтылы өтінім берсін;

- облыс және аудан орталықтарында еріген суды жедел шығару бригадаларын ұйымдастырсын;

- қар ерігеннен бастап аудандар мен Орал қаласы әкімдіктерінде тәулік бойы кезекшілік белгіленіп, күн сайын сағат 8.00-де облыстық су тасқынына қарсы штабқа су тасқыны жағдайы туралы баяндасын;

- қалыптасқан жағдайларда жедел әрекет ету мақсатында қауіпті аймақтар мен объектілерге аудандық, кенттік, ауылдық округтер әкімдіктерінің лауазымды тұлғаларын бекітсін;

- облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп су тасқыны кезінде автокөлік қатынасы болмай қалуы ықтимал елді мекендерде мал азығының қорын жасақтасын;

- су тасқынына арналған материалдық ресурстардың (жанар-жағармай, қапшықтар, инертті материалдар және т.б.) қажетті қорын дайындасын;

- су тасқыны қаупі бар аймақтарды ерекше бақылауға алсын.

2017 жылғы 20 ақпаннан - 1 мамырға дейін

2.4. Орал қаласы және Зеленов ауданының әкімдіктері иесіз гидротехникалық құрылыстарды коммуналдық меншікке беру жұмысын аяқтасын.

2017 жылғы желтоқсан

2.5. Төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша):

- су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды үйлестіру жұмысын қамтамасыз етсін;

- өткізілетін «Көктем-2017» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу барысында барлық Азаматтық қорғау қызметтерінің дайындығын бағаласын;

- ұйымдар мен азаматтық қорғау құрылымдары басшыларының су тасқыны кезеңіндегі қысылтаяң жағдайларда әрекет етуге дайындалуын ұйымдастырсын;

- су тасқынына қарсы штабтың жұмысын Төтенше жағдайлар департаментінің (келісім бойынша) дағдарыс орталығында ұйымдастырсын;

- аймақтық ауқымда төтенше жағдай қаупі төнген кезде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің қосымша күштері мен құралдарын тарту жөнінде Төтенше жағдайлар комитеті басшылығына хабарласын;

- Ресей Федерациясының Орынбор және Саратов облыстарының Төтенше жағдайлар министрлігі Бас басқармаларымен трансшекаралық өзендерде судың жіберілуі бойынша өзара әрекет етуді ұйымдастырсын;

- су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлар қаупі төнген кезде тартылатын инженерлік техникалары бар ұйымдарды есепке алсын;

- құтқару, авариялық және өзге де күтпеген жұмыстарды жүргізу үшін жанар-жағармай материалдары мен қапшықтар қорын құрсын және қалыптасқан жағдайға байланысты жедел пайдалансын. Қажетіне қарай, қала мен аудандарға су тасқынына қарсы кезек күттірмейтін іс-шаралар үшін жанар-жағармай материалдары мен қапшықтар бөлсін;

- су тасқынының алдын алу мақсатында авиатехниканы, мұзды жару бригадаларын тартуға және ғарыш мониторингі бойынша мәлімет алуға келісімшарт жасасын.

**2017 жылғы 15 ақпаннан
су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін**

Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі облыстық аумақтық кіші жүйесінің басқару органдарының қатысуымен облыс аумағында ауқымды түрде «Су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу айлығын» ұйымдастырсын.

2017 жылғы наурыз

2.6. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы:

- коммуналдық меншіктегі жөндеуді қажет ететін гидротехникалық құрылыстарды кезең-кезеңімен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жоспарын облыс әкімдігіне бекітуге жолдасын.

2017 жылғы 15 наурызға дейін

- коммуналдық меншіктегі ірі су қоймаларын республикалық меншікке беру туралы облыс әкімдігіне ұсыныстар берсін.

2017 жылғы 1 шілдеге дейін

2.7. «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облыстық филиалы (келісім бойынша):

- гидрометеорологиялық бекеттердің тұрақты жұмысын және облыстық су тасқынына қарсы штабқа су тасқынына қатысты болжамдардың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етсін;

- су деңгейі көтерілгеннен бастап облыстық су тасқынына қарсы штабқа күн сайын облыс өзендері бойынша гидрологиялық бюллетеньдер ұсынсын.

**2017 жылғы 1 наурыздан
су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін**

- су тасқыны кезеңінде жағдай күрделенген кезде облыстың су тасқынына қарсы штабқа тәулігіне 4 мезгіл гидрологиялық бюллетеньдер ұсынсын.

су тасқыны кезеңінде

- барлық гидротехникалық құрылыстардың су өткізуге және су қоймаларының толтырылуына дайындықты аяқтасын, облыстық су тасқынына қарсы штабқа күн сайын ақпарат беріп отырсын;

- Казталов, Ақжайық, Жаңақала аудандарының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп дала алқабын суландыру жерлерінен суды апатсыз өткізуді қамтамасыз етсін.

2017жылғы наурыз-мамыр

2.9. «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының (келісім бойынша), «ҚазақАвтоЖол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (келісім бойынша) Батыс Қазақстан облыстық филиалдары, «Uniserv» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының Орал филиалы:

- бұзылу және су шаю қаупі бар автокөлік және теміржол телімдерін анықтасын;

- тасқын судың апатсыз өтуі үшін су өткізу құрылыстары, теміржол және автожолдар көпірлерінің өткелдерін әзірлесін;

- қауіпті жерлерге қиыршық тас, құм және қажетті құрал-саймандарды дайындап жеткізсін, инженерлік техникаларды дайын күйге келтірсін және оларды жолдар бағыты бойынша бекітсін;

- автокөлік және теміржол қатынастарын дереу қалпына келтіру бойынша шұғыл шаралар қабылдасын.

2017 жылғы наурыз-сәуір

2.10. Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметі (келісім бойынша), «Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» ММ (келісім бойынша) су тасқынына қарсы жұмыстар жүргізу кезінде өзге ұйымдардан тартылатын инженерлік техникалардың белгіленген тәртіппен кедергісіз өтуін қамтамасыз етсін.

2017 жылғы наурыздан бастап жағдай тұрақталғанға дейін

2.11. Облыстық білім басқармасы:

- «Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбына қалалық, аудандық жалпы орта білім беретін мектептерде сабақтар ұйымдастырсын;

2017 жылғы наурыз

- ведомстволық бағыныстағы су басуы мүмкін мекемелерді су басқан жағдайда әрекет ету жөніндегі мақсатты жоспарлар дайындасын, су басу қаупі бар жерлерде орналасқан білім объектілерін ерекше бақылауға алсын;

2017 жылғы наурыз-сәуір

2.12. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Батыс» өңірлік қолбасшылығының 5517 әскери бөлімі күштері мен құралдарды келісілген табиғи және техногендік сипаттағы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды жою бойынша жоспарына сәйкес қатысуын қамтамасыз етсін.

қажет жағдайда

2.13. Облыстық денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары «Облыстық кардиологиялық орталық» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі Орал медициналық-әлеуметтік мекемесі» мемлекеттік мекемесінен науқастарды және жабдықтарды эвакуациялау мәселесін алдын ала қарастырсын.

2017 жылғы наурыз

3. 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №4 хаттаманың орындалуы, өрт қауіпті кезеңіне алдын ала дайындық (Таубеков)

Келіп түскен ақпаратты талқылап, пікір алмаса келе, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ҰСЫНАДЫ:**

3.1. Комиссия отырысының күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша негізгі баяндамашының ақпараты назарға алынсын.

3.2. Аудандар мен Орал қаласы әкімдіктері, облыстық Азаматтық қорғау қызметтері мен ұйымдары 2016 жылғы 28 желтоқсандағы №4 хаттаманың орындалуын жалғастырсын, қысқы кезең бойынша қорытынды ақпаратты Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) жолдасын.

белгіленген мерзімге сәйкес

3.3. Аудандар мен Орал қаласы әкімдіктері ведомстволық бағынысты аумақта жол бойындағы шөптерді шабу бойынша шара қабылдансын.

2017 жылғы 15 мамырға дейін

3.4. Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Казталов, Қаратөбе, Сырым және Шыңғырлау аудандары әкімдіктері 2017 жылғы бюджетті нақтылау барысына «Дала өртін және мемлекеттік өрт сөндіру қызметі жоқ елді мекендердегі өрттерді сөндіру» бюджеттік бағдарламасына қаражат қарастырсын.

2017 жылғы 1 наурызға дейін

3.5. Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына жылдам тұрғызылатын модульдік өрт сөндіру депосын сатып алуға өтінім жолдасын.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

**4. «Қоғамды төтенше жағдайлардан сақтау» тұжырымдама
жобасының таныстырылымы**
(Күликешев)

Келіп түскен ақпаратты талқылап, пікір алмаса келе, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ҰСЫНАДЫ:**

4.1. Комиссия отырысының күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша негізгі баяндама назарға алынсын.

4.2. Облыстық прокуратура (келісім бойынша) Төтенше жағдайлар департаментімен (келісім бойынша) бірлесе отырып «Қоғамды төтенше жағдайлардан сақтау» тұжырымдамасын әзірлеуді аяқтасын және белгіленген тәртіппен бекітсін.

2017 жылғы 1 сәуірге дейін

Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) жүктелсін.

Облыс әкімі - төтенше жағдайлардың
алдын алу және жою жөніндегі
комиссия төрағасы



А. Көлгінов



(Ахметжанов) / (Жадырқызы) / (Жадырқызы)



Облыстық төтенше
жағдайлардың алдын алу мен
жою комиссиясының 2017 жылғы
15 ақпандағы №1 хаттамасымен
бекітілген

**Батыс Қазақстан облысының
су тасқынына қарсы штаб құрамы**

1.	АЗБАЕВ Бағдат Оразалдыұлы	-	Облыс әкімінің орынбасары - штаб бастығы
2.	ЖҰМАШЕВ Жасұлан Қыдырғожаұлы	-	Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы – штаб бастығының орынбасары (келісім бойынша)
3.	ТӨРЕҒАЛИЕВ Нариман Төреғалиұлы	-	Орал қаласының әкімі
4.	ГАБДУЛЛИН Манарбек Серікқалиұлы	-	Ішкі істер департаментінің облыстық жергілікті полиция қызметінің бастығы (келісім бойынша)
5.	ЖҰМАҒҰЛОВА Нұржамал Шамғонқызы	-	Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а.
6.	МЫҢБАЕВА Айгүл Әділгерейқызы	-	Облыстық білім басқармасының басшысы
7.	НАРЫМБЕТОВ Бақытжан Хаберұлы	-	Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы
8.	ОРЫНҒАЛИЕВ Ғалым Ғұбашұлы	-	Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы
9.	МАНҚАРАЕВ Қайсар Зәкірұлы	-	Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы
10.	САПАРҒАЛИЕВ Руслан Қайыржанұлы	-	Облыстық индустриалдық-инновациялық даму және кәсіпкерлік басқармасы басшысының м.а.
11.	ХАЛИУЛЛИН Жасұлан Жолдыбайұлы	-	Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының м.а.
12.	ДӘУЛЕТЖАНОВ Амангелді Метхатұлы	-	Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы
13.	САТҚАНОВ Мейіржан Мұнайдарұлы	-	Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

14.	ЖҰМАҒАЛИЕВ Нұрболат Ұлданұлы	-	«Қазсушар» РМК БҚФ басшысы (келісім бойынша)
15.	ЕДІЛБАЕВ Талғат Мақсотұлы	-	«БҚО бойынша Көліктік бақылау инспекциясы» РММ басшысы (келісім бойынша)
16.	ЕСЕНҒАЛИЕВ Максим Жамбылұлы	-	«ҚазАвтоЖол» АҚ БҚО филиалының директоры (келісім бойынша)
17.	ОРАЛЫМБЕКОВ Дәулет Нағашыбекұлы	-	«Батыс Қазақстан гидрометеорология орталығы» ЕМК директоры (келісім бойынша)
18.	ҮМБЕТЯРОВ Мәлік Мағалымұлы		Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы басшысының орынбасары(келісім бойынша)